

## Дәріс №4

**Тақырыбы:** Қазақстан аумағындағы ғұндар, этникалық тегі, саяси тарихы, шаруашылығы, қоғамдық құрылысы.

**Дәрістің мақсаты:** Студенттер Қазақстан аумағындағы ғұндардың этногенез мәселесі, Азия мен Еуропадағы ғұндар құрған мемлекеттің территориясы, саяси тарихы, қоғамдық ұйымдасуы мен шаруашылығы, мәдениеті туралы біледі; ғұндар туралы жазба деректерді саралай алады, Модэ, Лаушаң би, Чжи-Чжи, Аттила билеген кездердегі ғұндардың күшқұдыретін бір-бірімен салыстыра алады; ғұн мемлекетінің Азиядағы, Қазақстандағы, Еуропадағы территориясын тарихи карталардан жақсы бағамдауға дағдыланады.

**Мазмұны:** 1. Ғұндар туралы деректер және олардың шығу тегі мәселесі. 2. Азиядағы хундар құрған мемлекет. 3. Шығыс Еуропадағы хундар империясы.


## Хундар туралы деректер және олардың шығу тегі мәселесі.

Ежелгі хундар туралы ең алғашқы жазғандар қытайдың әйгілі үш тарихшысы еді. Олар: біріншісі – Қытай тарихшыларының атасы деп саналатын Сыма Цянь (б.з.б. 135-67 жж.). Оның еңбегі «Ши-цзи» («Тарихи жазбалар») 130 бөлімнен тұрады. Соңғы бөлімінде Сыма Цянь хундар, Орта Азия халықтары, оғыздар, қаңлылар, үйсіндер, қырғыздар және басқалары туралы да жазыпты. Хундар туралы ол келтіретін мәліметтердің бәрі өте қысқа – үзінде түрінде.

*Б.з.б. 4-3 ғасырларда* Қытайдың солтүстігінде Байкалдан Ордосқа дейінгі аралықты *мекендеген ғұн тайпаларының бірлестігі* құрылған.

Бастапқы кезде *Солтүстік Қытайда, Моңғолияда, Байкал өңірінде* қоныстанған.

Ғұн тайпаларының бір мемлекетке бірігіп саяси күшейген кезі *б.з.б. 2 ғасыр мен б.з.1 ғасыр* аралығы.



Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите в «Параметры».

## Ғұндар туралы деректері

Л.Н. Гумилев «Б.з.б. 209 Жылы Орталық Азияда Мөде басқарған ғұн державасы пайда болды. Мөде әскерін жинап, Дунху еліне шабуыл жасап, өзіне бағындырды».



М. Қашғари Ғұндардың отырықшылыққа көшкенін және түркілене бастағанын жазады.



Екінші тарихшы – Бань Гу. Ол жазған еңбек «Цянь Ханьшу» («Батыс Хань мемлекетінің құжаттары») д.а. Бұл еңбек б.з.б. 206 жылдан басталып, б.з. 25 жылына дейінгі оқиғаны қамтиды.

Үшінші тарихшы – Фай Е-нің «Хоу Хань-Шу» («Шығыс Хань мемлекетінің құжаттары») – жоғарыда аталған екі тарихшының ізімен жазылған аса құнды еңбек. Бір артықшылығы – түркі халықтары туралы арнайы тарауы бар. Олар «Чжоу-Шу» («Чжоу ұлысының құжаттары»), «Бэйши» («Алдыңғы ұлыстар тарихы»), «Түн-дянь» («Бөгде тайпалар жылнамасы»), «Тайпин хуан-юи» («Көне тарих туралы дерек») т.б.

Еуропа тарихшыларынан хундар туралы жазған Аммиан Марцелиан – б.з. IV ғасырындағы Рим тарихшысы. Ол б.з. I ғасырынан V ғасырына дейінгі хундар туралы маңызды деректер қалдырған. Оның еңбегі «Іс қимылдар» деп аталатын 31 кітаптан тұратын шығарма. Ал Гот тарихшысы, б.з. V ғасырында өмір сүрген Иордан хундар көсемі Ругила, Аттила басқарған мемлекеттер туралы және Аттиланьң Римге жорығы туралы, соғыстың жеңістері жөнінде өте бағалы мәліметтер келтірген.

«Хун» монғолдардың ежелгі халықтық атауы. Қытайлықтардың тілінде бұл сөз екі буыннан тұрған: хун – жауыз, ну – құл немесе кекшіл құл дегенді білдіреді. Хунну транскрипция бойынша сюнну деп ажыратылады. Олар ғұндар атағын Шығыс Еуропаға кірген кезде IV ғасырда алған.

Хундардың шығу тегі туралы тарихшылардың зерттеулеріне сүйенсек, б.з.б. III ғасырда хундар түрікше сөйлеген және олар қаңлы, үйсін, қырғыз т.б. 20-дан астам түркі тайпаларымен бірге өмір сүрген. Хундар өздерін әр түрлі атаған: моңғолмыз, түрікпіз, славянбыз, неміспіз, иранбыз деген және басқа да халықтарды атаған.

Хундар түркі тайпасының арғы атасы екенін қытай тарихынан келістіре аударған жүйрік ғалымның бірі Абел Ремюза: «Хун-гун екеуі бір сөз, ескі дәуірдегі ғұндардың аты, олар тегісімен түріктер».

Түркі тілінде сөйлеген хундар ортасы Ішкі Моңғолияда, Байкалда, Ордостан (Қытайдағы өзен) Алтай, Тарбағатай, Жетісуға дейінгі жерлерді мекендеген.

### Азиядағы хундар құрған мемлекет.

Хундар – ертеде Қытай жерінде, яғни Шығыс Түркістанда пайда болды. Шығыстағы хун қоғамының пайда болуы б.з.д. III ғасырдың басында. Хун ордасының ең күшейген уақыты – б.з.д. III ғасырдың аяғы Тұман мен оның баласы Модэнің басшылық құрған уақыты. Б.з.д. 209 жылы Тұман өлгенде оның баласы Модэ (шамамен б.з.б. 230-174 жж. өмір сүрген) әкесінің орнына таққа отырған. Б.з.б. 203-202 жылдары Модэ Саян, Алтай және жоғарғы Енисей тайпаларын бағындырып, өз мемлекетінің солтүстік шекарасын түбегейлі орнықтырды. Бірақ әлі де ең басты екі қарсыласы – Қытай мен юэчжилер (иран тілдес ұлы жүздер) қалып еді.

#### Саяси тарихы

*Модэ б.з.б. 209-174 жж.*

*Б.з.б. 209 ж.* шығыстағы дунхуларды жеңіп, мемлекет құрды. Керулен мен Онон алқаптарында мекендеген *сяньби және ухуань тайпаларын* бағындырады. Батыста *юечжи* тайпаларына жорықтар жасады.

*Әскери* реформалары ғұндарды қуатты мемлекетке айналдырды.

*Б.з.б. 203-202 ж.* Саян, Жоғарғы *Енисей тайпаларын* бағындырды



Активация Windows  
Чтобы активировать Windows  
раздел "Параметры"

Б.з.б. 202 жылы Қытайда азамат соғысы аяқталды. Ел басына Хань династиясы келді. Оның негізін қалаушы Лю-Бан (император Гао-ди) мемлекет шекарасын қауіпсіздендіруге тырысып, б.з.б. 202 жылдың қысында хундарға қарсы әскер шығара бастады. Бірінші қақтығыстан соң-ақ Модэ кейін шегінді, ал олардың соңынан жүріп отырған Хань әскері өзінің негізгі күшінен бөлініп, көз жазып қалды. Әскерімен бірге императордың өзі де бар еді. Мұны байқаған Хундар шегіністі бірден тоқтатып, төрт атты корпусымен императорды Байдан тауының маңында қоршауға алды.

Императорға хундармен туыстыққа негізделген бейбіт келісім шартын жасауға уәде беруден басқа жол қалмады, яғни императорға Модэге үйіндегі ханшайымды беруге және салық төлеп тұруына тура келді. Хундар мен Хань арасындағы бейбіт қатынас б.з.б. 166-163 жылдарға дейін созылды.



**Б.з.б.55 жылы** ғұндар екіге бөлінді:

**Оңтүстік ғұндар** - Хуханье шаньюй тәуелсіздігінен айрылып **Хань мемлекетіне** бағынышты болды.

**Солтүстік ғұндар** - Чжи-чжи шаньюй тәуелсіздігін сақтап қалу үшін батысқа **Қаңлы жеріне** қарай жылжыды. Талас өзенінің шығысында көшіп-қонуға мүмкіндік алды.

**Б.з. I ғасыр (б.з. 93 жыл)** екінші толқыны қоныс аударды:

Қазақстанның **оңтүстік-батысы** мен **Арал** бойына келді. Алан мен ас тайпаларын Каспий теңізіне ығыстырды.

II ғасырда Каспий теңізі жағалауында **Батыс ғұн** ұлысының негізі қаланды. Ғұндар Дунай арқылы Еуропаға кетті.

Ғұндардың бір бөлігі оңтүстікке жылжып, **ақ ғұндар (эфталиттер)** деп аталды.

**Б.з.б. 2 з. - б.з.4 з.** - ғұн тайпалары шығыстан батысқа жылжыған кезең.

Активация Windows  
Чтобы активировать Wind  
раздел "Параметры"

Модэнің мұрагері Лаошаньнің ең қатал соғысты ұлы жүздермен (юэчжилермен) жүргізуіне тура келді. Күрес ширек ғасырға созылды және б.з.б. 174-167 жылдары хундар үйсіндермен одақта болудың нәтижесінде қатты шиелініскен соғыста жеңіске жетті. Ұлы жүздер хундардан жеңілген соң Ферғанадан өтіп, Бактрияға шабуыл жасап, оларды бағындырып, өз ордаларын құрған. Дегенмен б.з.д. I ғасырдың аяғында Қытай империясы батыстағы үйсіндердің, шығыстағы дунхулардың және солтүстіктегі Енисей динмендіктерінің көмегімен Хун ордасын талқандаған. Сол себепті хундар екіге бөлініп бірі Қытай империясының құрамында қалып, ал екіншісі қазіргі Алтай мен Қазақстан жеріне, батысқа қарай жылжыған (одақтас қаңлы елінің жеріне). Солтүстік хундарды ұлы қолбасшы ЧжиЧжи қайта күшейтті. Б.з.д. I ғ. Солтүстік хун ордасына Алтай, Жетісу, Орталық Қазақстан және Орта Азияда мекендеген көптеген тайпалар бірікті. Оның негізгі мақсаты Қытай экспанциясына қарсы тұру болды. Көп ұзамай ол ордасының астанасы етіп Талас қаласын салдырды.

Б.з.д. 36 жылы Қытай мемлекеті Жетісу мен батысты түгел бағындыру үшін әскер шығарды. Себебі қаңлылармен бірігіп Шығыс Түркістандағы билікке қауіп төндіреді деп есептеді. Олар хун астанасы Талас қаласына дейін келді. Осы жерде үлкен шайқас болды. Қытайлықтар қаланы қиратып Чжичжидің басын императорға апарады. Л.Гумилев хундар қытайлықтардан жеңілген соң төрт тармаққа ыдырайды деп жазды: біріншісі, қазіргі Қазақстан территориясы Еділ мен Жайық аралығында; екіншісі, Тарбағатайда; үшіншісі, Отанында, қытайлықтар құрамында қалды; төртіншісі, Ұлы қорғанның екі жағына Шаньси, Ордос және Алашанда орнығады.

## Шығыс Еуропадағы хундар империясы.

Хундардың бір бөлігінен II ғасырда Батыс Қазақстан жерінде жаңа орда пайда болды. Оның ең күшейген кезі Еділ Мұндзукұлының тұсы (Үғ.) еді. Олар IV ғасырда Шығыс Еуропаға қарай жылжыды. IV ғ. 70-жылдарының аяғында хундар Қаратөз өңірінде пайда бола бастады. Олардан алғаш соққыны Азов теңізін мекендеген аландар (осетиндер) алды. Олар мың жылдан аса (қазіргі Керчь бұғазы мен Қырымда орналасқан) өмір сүрген Боспор патшалығын жойды. Батыс және солтүстік батыста орналасқан сармат-алан және Готтар немесе швед тайпасына беттеді. Вестготтар (Батыс Готтар) Дунайға қашты, Остготтар (Шығыс Готтар) талқандалды. 395 жылы Закавказье мен Месопотамия аймағына шабуыл жасады. V ғасырдың басында олар Дунай жерін басып алады. Поннонияны басып алып, хун державасын құрды. Орталығы қазіргі Венгрияның жері болды. 433 жылы қартайған хун патшасы өзінің билігін немерелері – Бледе мен Аттилаға береді. Олар 12 жыл патшалықты бірге басқарып, герман тайпаларын бағындырды. Олар бірігіп Рейн бойындағы бургун корольдігін талқандайды. 445 жылы Аттила ағасын өлтіріп, елді жеке өзі билейді.

*Прииск 448 жылы Аттила сарайында елшілік құрамында болған.*

*Аттиланьң сырт келбетін сипаттайды. «Бір көрген адамның нағыз азиялық екенін бірден айтады. Басы үлкен, орта бойлы, мығым денелі. Қараған жерін тесіп өтетіндей, көзқарасы сұсты. Қозғалысы шапшаң, сенімді. Дауысы күмістей сынғырлайды әрі құлаққа жағымды».*

*«Сарай шеберлікпен өңделген бөренелер мен тақтайшалардан салынып, әсем безендірілген. Барлық мұнаралар патша сарайының сәнін келтіріп тұр. Барлық үйлер де түгелдей бөренелерден қиып салынған».*

*Аппақ тастан қаланған моншага ерекше таңқалған.*

*Олар соғыстан кейін тынығады, әрі қамсыз тіршілік етеді, әркім қолында барымен қанағат етеді.*

Активация Windows  
Чтобы активировать Windows,  
перейдите в раздел "Параметры".



**370 жылы** - Еділден өткен ғұндар аландарды күйретті. **375 жылы** остготтар мен весготтарды талқандады. Нәтижесінде **Еділ-Жайықтан** бастап, **Днестр** өзеніне дейінгі кең далалық аумақты алып жатты. **Боспор** патшалығын талқандады. Осылайша батыстағы күшті **Ғұн ордасының** негізі қаланды. **430 жылы** ғұндар Шығыс Рим империясын алым-салық төлеуге мәжбүрледі, сол жылы олар Дунайға дейін жетті.



450 жылы ол Рим империясының шекарасын кесіп өтуге дайындалады. Рим императоры Валентино III-нің қарындасы Гонорияны өзіне әйелдікке (бұл оған Римдік патшаның мұрагері болуға мүмкіндік беретін еді) және Рим мемлекетінің байлығы мен билігінің біраз бөлігін беруді талап етеді. Римдіктер Гонорияны қамауға алған соң, Аттила өзінің тәуелді тайпаларынан Римге қарсы жорыққа шығуға әскер жинай бастайды. Аттила алғашқы соғысын сәтті бастап, Шығыс Рим империясының Дунайға дейінгі қалаларын бірінен соң бірін қиратып, Балканға келе жатып жол бойындағы барлық бекіністердің бәрін қиратады.

**Лаушан б.з.б. 174-161 жж.**

Мөденің ұлы.

Ғұн мемлекетінің құдыретін күшейте түсті.

**Б.з.б 166 жылы 140 мың әскермен** Қытайды жеңіп, Қытай жыл сайын **салық төлеп** тұратын болды.

**Б.з.б. 165 жылы үйсіндерді** бағындырды.

Ғұндар мен Қытай елі арасындағы соғыс **300 жылдан** астам уақытқа созылды.



Активация Windows. Чтобы активировать Windows, перейдите в меню "Параметры".

451 жылы Аттила алып державаның әміршісі болды. Оған Днестрден Римге дейінгі, Балтық теңізінен Қара теңізге дейінгі жерлер бағынды, бағынбаған Рим ғана қалды. 451 жылы 15 маусымда Тура қаласының жанындағы жазықта Аттила әскері мен рим жасаған басқарған Аэциі (жас кезінде хундардың тұтқыны болған, Аттиламен сол жерде кездескен, хундар әлемін жетік білген адам) арасында шешуші шайқас болды. Алғашқы шайқас Аттиланың жеңілісімен аяқталды (166 мың адам өлген). Дегенмен де римдіктер құрған одақтар арасында алауыздық туындап Аттила өз әскерін ертіп аман-есен кері қайтты. Көп ұзамай ол өзінің әскер қатарын толықтырып, Италияның оңтүстігіне – Римге қарай бет алды. Ол көптеген қалаларды: Аквилея, Верона, Монтуя және Бергамоны басып алды. Милан қаласы Аттилаға өз еркімен берілді. Ендігі кезек Римдікі еді. Мәңгілік қаладан Лев I Рим папасы Аттиладан қайырымдылық сұрау үшін елші жібереді. Елшілер көп тарту жасайды. Күтпеген жерден Аттила келісім берді. Себебі, хун елінде оба ауруы басталған еді. Хун патшасы Поннонияға кетпекші болды. Бірақ римдіктер Гонорияны әйелдікке бермесе, келесі жылы келіп қаланы шабамын деп қорқытты. Аттила қайтып келмеді. Ол өз сарайына әйелдікке бургун елінің (немістің) сұлу қызы Ильдиконы алды. Неке түні белгісіз себептен Аттила өледі.

Ол өлген соң Хун Ордасы ыдырайды. Екі жыл өткен соң Римді Вандалдар басып алып, екі апта бойы тонады. Ал содан 21 жыл өткеннен кейін Батыс Рим империясы мәңгі жойылады.

### **Қосымшалар.**

**Модэ ( шамамен б.з.д 230 жылы туып, 174 жылы өлген).**

Хүн елінің тәңірқұты Модэ таққа отырғаннан кейін ауыздыға сөз, аттыға жол, қасарысқан жауына жеңістің дәмін татырмай, тебінгісінен тер тамшылап жүріп елін ел, жерін жаннат етті. Өлмейтін даңқа бөледі. Ол сонау шығыстағы Корей түбегінен батысындағы Арал теңізіне, солтүстігі Байкал көлінен оңтүстігі Ордос жазығына дейінгі аралықтағы бауырлас халықтарды бір мемлекет еткен. Модэ ежелгі қытай деректерінде Мао Дунь деп аталды. Бұл сөз тіркесі «көз жеткісіз ұлан-ғайыр жер иесі, әлемнің өзі сияқты ұлы, құдыретті» болып аударылады. Ол туралы хундар жайлы сөз болатын «Хань әулетінің кітабының» I бөлімінде осылай жазылған. Б.з.д. 209 жылы билік басына келген. «Көркемсуретті Қазақстан тарихы». Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. 4 томдық. – Алматы, 2006. 149-150 беттер.

Ғұндардың негізгі өмір салты *көшпелі өмір* болды.

Көшпелі *мал шаруашылығы* басты рөл атқарды.  
Негізгі баспанасы - *киіз үй*.

Ғұндардың жүннен киім тоқып кигендігін көрсететін негізгі дәлел *ұршық бастарының* табылуы.

Егіншілікпен айналысып, дәнді дақылдар ішінде *тарыны* көп өсірген.

Үй-жайлардың ішінен астық сақтайтын *ұралар* табылғын.

Байкал бойында *қуыс камералар* жүйесімен жылытылған үйлер табылды.

Активация Windows  
Чтобы активировать Windows,  
перейдите в раздел "Параметры".

Модэ иүзилерде – тұрпанда кепілді тұрған. Юэчжилер (иозылер, ұлы жүздер, иүзилер) туралы алғашқы мәліметтер Қытайда Ханьға дейінгі дәстүрлі әдеби-тарихнамада кездесті. Біршама өзге иероглифтік транскрипцияда (юйши, юйчжи) этноним «Гуаньцзый» (б.з.д. V-IV ғғ.) трактатында нефрит өндіретін таудағы халықтың немесе елдің аты ретінде аталады. (Т. Жұртбаев Дулыға. - А., 1994. К.1.)

Юйчжилер елі басқа бір, б.з.д. 279 жылы бамбук тақтайшасында жазылған «Аспан ұлы Му туралы хикая» атты ежелгі қытайлық трактатта кездеседі. Онда юечжи елі қазіргі Янь-Мэньгуань таулы өткелден бес күндік батыста, Шаньсидің солтүстігінде, Хуанхэден шығысырақ орналасқан. Б.з.д. III ғасырға дейін олар ғұндарға әскери-саяси үстемдік жүргізген. Модэ мен оның мұрагері Лаошань шаньюлер (б.з.д. 174-161 жж.) юечжилермен ¼ ғасыр соғысқан, тек б.з.д. 177-176 жылдары ғана соғысты өз мүдделеріне шешкен (Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII в.в.: история, политика, дипломатия. - А., 1998.).



## Мәдениеті

**Полихромдық стиль дамыған:**

**Бүршіктеу** - бұйымның бетіне дән сықылды ұсақ домалақ тастарды жапсыру.

**Ширатпа** - бұйымға жіңішке сымды ширата өрнектеу.

**Безендіру (инкрустация)** - бұйымға сәндік үшін түрлі түсті заттар жапсыру, асыл тастарды кіріктіру, орнату.

**Ока жүргізу** - алтын жіптермен кестелеу, алтын жалату.

**Зерлеу** - бұйым бетіне алтын түйіршіктерді дәнекерлеу.



Активация Windows  
Чтобы активировать Wind  
раздел "Параметры".

Тұман тәңірқұты кезіндегі 10 мың жасақтың негізінде мүлдем жаңа тұрпаттағы әскери қол жасақтады. Ол әскерін 2 қосынға бөлді. Олардың әрқайсысы өз бетінше дербес соғыс жүргізе алатын, яғни шығыс пен батысты қатар қарауылдап тұруға мүмкіндік туды. Екіншіден, қатаң тәртіп енгізді. Шабуыл кезінде шегінген жасақты өлім жазасына кесті. Егерде жаралыны көріп тұрып қарамай кетсе, не шайқас кезінде көмек көрсетпесе, оған олжа берілмейді және қылмысына қарай жазаға тартылады. Үшіншіден, негізгі жасақ бұрынғыдай жау келгенде ғана жиналмай, тұрақты әскер қатарына алынып, үнемі әскери жаттығуға қатысуға міндетті болды.

Дунь хулар (ежелгі монғолдар), ойқырлар бегі өкімет билігін Модэ жөнсіз иемденді деп есептеп, соны пайдаланбақ ниетпен өз елшілерін жіберіп:

- «Модэ тақымы қатпаған жас бала ғой, оған тұлпарды мініп жүру жараса қоймас. Дүлдүл міну мына біз сияқты бектерге лайық. Сондықтан да әкесі Тұман тәңірқұтының мінген атын маған берсін», - дейді.

Модэ:

- Түбі бірге туысқанбыз, сырты – түк, іші – боқ бір хайуан үшін қырқысамыз ба? Алса алсын деп жауап береді.

Елшілер:

- «Модэ жас қой. Ал жас адам сұлудың қадірін білмейді. Ана қойнындағы ханымын маған берсін», дейді бегіміз.

Модэ:

- Астымдағы атым, қойнымдағы қатыным – елімнің садағасы деп жауап береді.

Елшілер:

- «Сіздер биыл Сарыжайлауға қоныстанғалы, көшкелі жатыр екенсіздер. Біздің бегіміз онда бармай-ақ қойсын. Мен жаз жайлап хұн ханшасының тойын сонда жасаймын көшін кері әкетсін», - дейді.

Модэ:

«Жер менікі емес, елдікі. Бітпеске бет алған екен. Өскерге атой салындар, соғысамыз», - дейді. (Жұртбаев “Дулыға” А., 1994. К.1.)